


Басқа операциялар


Мазмұн іздеу



Мақсатты мәнді іздеуді тізімнен таңдауға болады.

- 1 **Іздеу** шебер түймесін түртіңіз (қақпақты қараңыз).
- 2 Іздеу терезесіне кілтсөзді енгізіңіз (мысалы **Басқару тақтасы**).
- 3 Іздеу нәтижесінен қалаған белгішені, қолданбаны, т.б. түртіңіз. Қол жетімді болған кезде нақты қолданбаларды іздей аласыз.

Ұйқылық режиміне өту немесе жұмысты аяқтау



- 1 **Параметрлер** шебер түймесін түртіңіз (қақпақты қараңыз).
- 2 **Қуат** түймесін, сосын **Ұйқылық**, **Жұмысты аяқтау** немесе **Қайта іске қосу** түймесін түртіңіз.

Бағдарламаларды ауыстыру



Сол жақ шеттен ішке қарай сырғытыңыз.

Windows 8.1 жүйесін пайдалану туралы қосымша мәлімет

Windows жүйесінің анықтамасы және қолдауы немесе **Help+Tips** бөлімін қараңыз.

- 1 **Бағдарламалар** экранын ашу үшін **Бастау** экранын жоғары қарай сырғытыңыз.
- 2 Бағдарламалар тізіміндегі **Анықтама және қолдау** немесе **Help+Tips** түймесін түртіңіз.

Осы нұсқаулықтағы скриншоттар — ағылшын тіліндегі мысалдар. Осы нұсқаулықтағы мазмұн ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Windows және Windows логотипі — Microsoft Corporation корпорациясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері немесе сауда белгілері. Нұсқаулықта TM немесе (R) белгілері көрсетілмеген.



SONY®

Windows 8.1 жұмысқа кірісу

Жаңа Бастау экраны және мәзірі

Бастау экраны

Жиі пайдаланылатын бағдарламаларға, жұмыс үстеліне және веб-тораптарға пернелер тіркесімдерін қоса аласыз.


- **Тұрту операциясы**
Шебер түймелерін ашып, **Бастау** шебер түймесін түртіңіз.
- **Пернетақтамен**
Windows пернесін басыңыз.



Шебер түймелер

Бағдарламалар мен файлдарды іздеңіз, мазмұнды бөлісіңіз, мазмұнды басқа құрылғыларда ойнатыңыз немесе басып шығарыңыз және компьютер параметрлерін орнатыңыз.

- **Тұрту операциясы**
Оң жақ шеттен ішке қарай сырғытыңыз.



- **Тінтуірмен/сенсорлы тақтамен**
Жоғарғы оң бұрышты көрсетіп, төмен жылжыңыз.



- **Пернетақтамен**
Windows пернесін және **C** пернесін бірдей басыңыз.



Қатарлар

Бағдарламаны іске қосу және **Бастау** экранын қатарлар қосу және оларды қайта реттеу арқылы жекелендіру үшін қатарды түртіңіз.

Бағдарламаларды пайдалану

Бағдарламалар тізімін ашу



● Түрту операциясы

Бастау экранын жоғары қарай сырғытыңыз.

● Тінтуірмен/сенсорлы тақтамен

Бастау экранының төменгі сол жағындағы ⏴ белгішесін нұқыңыз.

VAIO компьютеріңізде орнатылған бағдарламалар тізімі көрсетіледі. Оңай қатынасу үшін бағдарламаларды **Бастау** экранына бекітуге болады.

Іске қосуды бағдарламаларды көру



● Түрту операциясы


Шағын бағдарлама белгішесі пайда болғанша сол жақ шеттен ішке қарай сырғытыңыз, одан кейін белгішені сол жақ шетке қарай сүйреңіз.

● Тінтуірмен/сенсорлы тақтамен

Жоғарғы сол жақ бұрышты көрсетіп, төмен қарай жылжытыңыз.



Бағдарламаларды жабу



1 Бағдарлама ашық кезде, экранның жоғарғы ортасын көрсетіңіз.

2 Бағдарламаны экранның төменгі жағына қарай бағдарлама белгішесі экраннан кеткенше апарыңыз.

Бағдарламалар мәзірін ашу



● Түрту операциясы


Төменгі/жоғарғы шеттен жоғары/төмен қарай сырғытыңыз.

● Тінтуірмен/сенсорлы тақтамен

Бағдарламада тінтуірдің оң жақ түймесін басыңыз.

Интернетті пайдалану

Wi-Fi® (Сымсыз жергілікті желі) желісіне қосылу



- 1 **Параметрлер** шебер түймесін түртіңіз (қақпақты қараңыз).
- 2 **Wi-Fi** (желі белгішесін) түртіңіз.
- 3 Тізімнен сымсыз желіні таңдап, **Қосылу** белгішесін түртіңіз.

Веб тораптарды ашу



Осы жолаққа URL мекенжайын немесе кілт сөзді енгізіңіз.

- 1 **Бастау** экранында **Internet Explorer** қатарын түртіңіз.
- 2 Веб тораптарды іздеу үшін URL мекенжайын немесе кілтсөзді енгізіңіз.
- 3 Жаңа қойындыны ашу үшін бағдарламалар мәзірін ашу мақсатында төменгі/жоғарғы шеттен жоғары/төмен сырғытыңыз, одан кейін **+** белгішесін түртіңіз.

Сонымен қатар, жұмыс үстелінен дәстүрлі стильдегі **Internet Explorer** шолғышын таба аласыз.

Бағдарламаларды Windows дүкені торабынан орнату



Бағдарламаларды **Windows дүкені** торабынан қосыңыз.

- 1 Интернетке Wi-Fi немесе жергілікті желі кабелін пайдаланып қосылыңыз.
- 2 **Бастау** экранында **Дүкен** тармағын түртіңіз, одан кейін таңдаулы бағдарламаларды шолып, орнатыңыз.

Microsoft тіркелгісіне

Windows дүкені торабын қоса, белгілі бір бағдарламаларды немесе қызметтерді пайдалану үшін сізге Microsoft тіркелгісіне қажет болады. Microsoft тіркелгісіне жасау жолын және онымен орындауға болатын әрекеттерді **Windows жүйесінің анықтамасы және қолдауы** (артқы бетті қараңыз) бөлімінен қараңыз.